

## Жекелеген тауарларға арналған уақытша қорғаныштық шаралар туралы

### *Күші жойылған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 24 ақпандағы N 296 Қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 20 ақпандағы  
N 171 Қаулысымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.20. N 171  
Қаулысымен.*

"Тауарлардың импорты жағдайында ішкі рынокты қорғау шаралары туралы"  
1998 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Z980337\_ Заңына  
сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін  
тауарларға қатысты 2000 жылдың 1 шілдесіне дейін мерзіммен уақытша  
қорғаныштық шаралар енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті  
тауарлардың импорты кезінде қосымшаға сәйкес депозитке қазіргі қолданылып  
жүрген кедендік баждың ставкасынан жоғары алынатын уақытша қорғаныштық  
б а ж е н г і з с і н .

3. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің  
Демпингке қарсы бақылау жөніндегі комитеті Қазақстан Республикасының  
Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп белгіленген тәртіппен Беларусь  
Республикасының, Ресей Федерациясының және Тәжікстан Республикасы  
Интеграциялық комитетіне және Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы  
, Тәжікстан Республикасының және Өзбекстан Республикасы Орталық Азия  
Экономикалық Қоғамдастығы Мемлекетаралық Кеңесінің Атқарушы комитетіне  
Қазақстан Республикасының уақытша қорғаныштық шаралар енгізетіндігі  
т у р а л ы х а б а р л а с ы н .

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2000 жылғы 24 ақпандағы  
N 296 қаулысына

**Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін, уақытша қорғаныштық шаралар енгізілетін тауарлардың тізбесі**

Тауардың атауы	Тауардың СЭҚ ТН бойынша коды	Тауардың қорғаныштық шаралар бажының ставкалары (кедендік құнына % - пен)
Т а б и ғ и	б а р и й	
сульфаты	2511 10 000	20
Оралған жабдық және қаптағыш материалдар	680710100	30
Гофрирлендірілген табакшалар (шифер)	681 1 10 000	25
Диаметрі 244,5 мм. б ұ р ы н ғ ы	82 07 19 900-дан	30
ш а п қ ы л а р ы н ы ң ,		
диаметрі	1 0 5 мм. ,	1 2 5
мм. ,	1 3 0 мм. ,	б ұ р ғ ы
ұ ш т а р ы н ы ң	б ө л і к т е р і н	
қ о с а	а л ғ а н д а	т а с
ж ы н ы с т а р ы	м е н	
қ а б а т т а р ы н	б ұ р ғ ы л а у	
құралдары		
салмағы 21 кг. аспай.	8424 10 910-дан	30
т ы н	к ө м і р қ ы ш қ ы л д ы	
ө р т	с ө н д і р г і ш т е р ,	ө р т
с ө н д і р г і ш	з а т	-
тегінің қос тотығы*		к ө м і р .
Сұйықтарды өлшегіштер	9028 20 000	25
Ауыспалы тоққа арналған	9028 30 110	30
электр өлшегіштер	б і р	ф а з а л ы
	э н е р г и я с ы н	
Ауыспалы тоққа арналған	9028 30 190-дан	20
электр өлшегіштер ,	к ө п	ф а з а л ы
	э н е р г и я с ы н	
	д ә л д і к	

есептегіштерден басқа

\* Тауарлардың номенклатурасы тауардың кодымен де, атауымен де белгіленеді. Техникалық өлшемдері мен белгіленген жағдайлар кезіндегі жұмысқа арналуы мынадай тиісті жазулармен расталуы тиіс: машиналар мен жабдықтар үшін - бұйымның төлқұжатында немесе зауыттық сынақ сертификатында